

Қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 15/140 "2009 жылға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 7 мамырдағы N 19/177 шешімі. Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2009 жылдың 19 мамырында N 11-1-108 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет кодексінің 109 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына және облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 6 мамырдағы N 14/178 «Облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/116 «2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 6 мамырдағы N 2044 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 15/140 «2009 жылға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 11-1-100 болып тіркелген, 2008 жылғы 27 желтоқсандағы N 207-208 «Маңғыстау» газетінде жарияланған), 2009 жылғы 12 ақпандағы N 17/157 «Қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 15/140 «2009 жылға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 11-1-106 болып тіркелген, 2009 жылы 28 ақпандағы N 35 «Маңғыстау» газетінде жарияланған), 2009 жылғы 17 сәуірдегі N 18/165 «Қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 15/140 «2009 жылға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 11-1-107 болып тіркелген, 2009 жылы 7 мамырдағы N 75-76 «Маңғыстау» газетінде жарияланған) төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2009 жылға арналған қалалық бюджет қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 9 319 508 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 6 507 375 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 162 938 мың теңге;
- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 630 691 мың теңге;
- трансферттер түсімі – 2 018 504 мың теңге;

2) шығындар – 9 964 681 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 82 942 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 82 942 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдері – 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 728 115 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 728 115 мың теңге,

соның ішінде:
қарыздар түсімі – 48 975 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 178 377 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 857 517 мың теңге.

6 - 2 тармағы алынып тасталсын.

6 - 3 тармақта:

бірінші абзацтағы «8 000» саны «8 160» санымен ауыстырылсын;
екінші абзацтағы «3 000» саны «3 025» санымен ауыстырылсын.

Келесі мазмұндағы 6 - 8 және 6 - 9 тармақтарымен толықтырылсын:

«6 - 8. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясындағы шараларды қаржыландыруға 700 961 мың теңге сомасында нысаналы ағымдағы және даму трансферттері қаралғаны ескерілсін.

6 - 9. 2009 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен қалалық бюджетке әлеуметтік жұмыс орындары және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге 71 088 мың теңге сомасында нысаналы ағымдағы трансферттер қаралғаны ескерілсін,

соның ішінде:
жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге – 17 088 мың теңге;
әлеуметтік жұмыс орындарын құруға – 54 000 мың теңге».

8 тармақтағы 2 қосымша осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын».

2. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

В. Попова

Ж. Матаев

Қалалық мәслихаттың хатшысы

К Е Л І С І Л Д І :

«Ақтау қалалық экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ

бастығының міндетін атқарушы
З . Қ . Т ө л е ш

7 мамыр 2009 жыл

2009 жылғы 7 мамырдағы N 19/177
қалалық мәслихаттың шешіміне
1 - қосымша

2009 жылға арналған Ақтау қаласының бюджеті

Санаты	Сыны-бы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. КІРІСТЕР	9 319 508
1			Салықтық түсімдер	6 507 375
	01		Табыс салығы	2 146 358
		2	Жеке табыс салығы	2 146 358
	03		Әлеуметтік салық	1 856 934
		1	Әлеуметтік салық	1 856 934
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 903 282
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 315 996
		3	Жер салығы	244 636
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	342 624
		5	Бірыңғай жер салығы	26
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	377 561
		2	Акциздер	54 049
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	191 116
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	132 396
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	223 240
		1	Мемлекеттік баж	223 240
2			Салықтық емес түсімдер	162 938
	01		Мемлекет меншігінен түсетін кірістер	35 275
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	13 091
		5	Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	22 184

	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 766
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 766
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	42
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	42
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	113 052
		1	Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	113 052
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	11 803
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	11 803
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	630 691
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	257 356
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	257 356
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	373 335
		1	Жерді сату	300 000
		2	Материалдық емес активтерді сату	73 335
4			Трансферттер түсімі	2 018 504
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 018 504
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 018 504
Функ- цио - налдық топ	Бюд- жет- тік бағ- дар - лама әкім-шілі-гі	Бағ- дар - лама	Атауы	Сомасы, мың тенге
			2. ШЫҒЫНДАР	9 964 681
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету	149 831
	112		Қалалық мәслихаттың аппараты	10 026
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	10 026

	122		Қала әкімінің аппараты	92 953
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	92 953
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	7 391
		001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	7 391
	452		Қаржы бөлімі	27 830
		001	Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	13 846
		004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	11 984
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	2 000
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	11 631
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	11 631
2			Қорғаныс	8 413
	122		Қала әкімінің аппараты	8 413
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 413
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық , сот, қылмыстық -атқару қызметі	70 033
	458		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	70 033
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	70 033
4			Білім беру	4 390 763
	464		Білім беру бөлімі	4 298 070
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	17 840
		003	Жалпы білім беру	2 583 081
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	10 500
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	27 409
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	175 082
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	11 647
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 204 492

		010	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу	38 145
		011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	229 874
	467		Құрылыс бөлімі	92 693
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	92 693
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	535 874
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	373
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	373
	451		Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	486 866
		001	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	39 893
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	117 770
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	20 130
		006	Тұрғын үй көмегі	9 415
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	198 122
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4 500
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 424
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	22 269
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	51 236
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	7 296
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	14 811
	464		Білім беру бөлімі	48 635
		008	Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау	48 635
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 671 172
	123		Өмірзақ селосы әкімінің аппараты	18 924
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 377
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	9 327
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7 220
	467		Құрылыс бөлімі	2 502 890

		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы	729 423
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	599 798
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	135 753
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	736 046
		007	Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту	1 870
		031	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту	300 000
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 149 358
		002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	12 000
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	600
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	25 829
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	115 935
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	304 150
		017	Жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	9 750
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	510 007
		030	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту	171 087
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	219 978
	455		Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	191 035
		001	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6 050
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	161 412
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	23 573
	456		Ішкі саясат бөлімі	13 352
		001	Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	7 622
		002	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	3 870
		003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	1 860
	465		Дене шынықтыру және спорт бөлімі	15 591
		001	Дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4 017

		006	Аудандық (облыс маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	7 078
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 496
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	128 667
	467		Құрылыс бөлімі	128 667
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	128 667
10			Ауыл , су , орман , балық шаруашылығы , ерекше қорғалатын табиғи аумақтар , қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау , жер қатынастары	14 488
	453		Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	802
		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	802
	462		Ауыл шаруашылық бөлімі	256
		001	Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	256
	463		Жер қатынастар бөлімі	13 430
		001	Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12 800
		006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	630
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	25 943
	467		Құрылыс бөлімі	9 240
		001	Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9 240
	468		Сәулет және қала құрылысы бөлімі	16 703
		001	Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9 603
		003	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	7 100
12			Көлік және коммуникация	624 179
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	624 179
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	34 800
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	589 379
13			Басқалар	122 871

	454		Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	61 067
		001	Кәсіпкерлік бөлімі қызметін қамтамасыз ету	7 305
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	53 762
	452		Қаржы бөлімі	45 822
		012	Жергілікті атқарушы органның резерві	45 822
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15 982
		001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	15 982
15			Трансфертер	2 469
	452		Қаржы бөлімі	2 469
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2 469
			3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	82 942
			Қаржы активтерін сатып алу	82 942
13			Басқалар	82 942
	452		Қаржы бөлімі	82 942
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	82 942
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-728 115
			6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	728 115
			Қарыздар түсімі	48 975
			Қарыздарды өтеу	178 377
			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	857 517

2009 жылғы 7 мамырдағы N 19/177 қалалық мәслихаттың шешіміне 2 - қосымша

БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ (БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ) ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА БӨЛІНГЕН, 2009 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ БЮДЖЕТТІК ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

--	--	--	--	--

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі	Бағдарлама	Атауы
Инвестициялық жобалар			
4			Білім беру
	467		Қала құрылысы бөлімі
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
	467		Қала құрылысы бөлімі
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
		007	Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту
		031	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану
	467		Қала құрылысы бөлімі
		009	Жылу - энергетикалық жүйені дамыту
12			Көлік және коммуникациялар
	458		Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту
Инвестициялық бағдарламалар			
13			Басқалар
	452		Қаржы бөлімі
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту